

**Йенс Расмус: Малмандай су**  
**G&G Verlag**  
**Аударған: Таңсұлу Рахымбаева**

Жаңбыр жауып тұрған.

Ал жауын жауғанда, сауытты балық су бетіне жақын жүзуді ұнататын. Ол жаңбыр тамшыларының суға шолп-шолп тамғанын тыңдап, су бетінде содан пайда болатын кішкентай дөңгелек толқындарды қызықтайтын.

- Білесің бе? - деді ол жанында жүзіп жүрген оташы-балыққа.

- Жоқ.

- Мен шылқылдап бір су болғым келеді.

- Біз балықпыз, - деді оташы-балық. - Үнемі су боп тұрамыз.

- Біз судың астындамыз, бірақ су емеспіз. Су болу деп шын мәнінде су болуды айтады.

Оташы-балық сауытты балыққа сұраулы жүзбен қарады.

- Сен сонда су болғанда, су боламыз, бірақ судың астында су болмаймыз демексің бе?

- Дәл солай.

- Онда ешқашан су болмаймыз ғой, - деді оташы-балық сәл үнсіздіктен кейін.

- Жоқ! Егер ауа мен суды қатар сезінсең, онда су болғаның. Мысалы, суға шомылған соң, жағаға шыққан кезде.

- Балықтар бірақ жағаға шықпайды ғой, - деп қалды оташы балық.

- Немесе жаңбырмен жүзген кезде.

- Жаңбырмен жүзу де мүмкін емес.

- Иә, өкінішке орай, - деді сауытты балық.

Біртіндеп жауын саябырлады. Суға әр жерден жекелеген тамшылар ғана тамып жатты. Оташы- балық алыста айнала жүзіп жүрген дельфинді көрді.

- Қазір, тоқтай тұр, - деді де, бір жаққа қарай сүңгіп кетті.

Аз уақыттан соң ол дельфинді ертіп қайта келді. Дельфин жүзі мейірлене бұларға бір қарап (себебі дельфиндер үнемі мейірімді ғой),

- Сені түсінем, - деді. - Көмектесем де болады.

- Шын айтасың ба? - деп сұрамақшы болған сауытты балықты дельфин аузын ашып-жапты да, тістерімен қармап алды. Сосын ол тереңге сүңгіп, бір айналды да, қайта жоғары жүзді, судан шорши секіріп, кішкентай балықты аузынан бір-ақ

ыршытты. Сауытты балық жүзбеқанаттарынан жел есіп, әуеде қалықтап барады. Бір айналып қалып еді, үстіндегі бұлт торлаған аспанды, астындағы теңізді көрді, жан-жаққа су тамшылары шашырап жатты.

Күннің нұры көзіне түсіп, тұмсығын жаңбырдың бір тамшысы сызып өтті, құлағына шағалалардың қанатының сусылы мен шаңқылдаған дауыстары естілді, денесі бір мезгілде бір суынып, бір ысыды. Суға қайта түсер алдында, таңғажайып қас-қағым сәт әуеде қалықтай қалды. Келесі сәтте құлдилап барып, теңізге қарай жылдам жақындап келе жатқанын байқады, айналаға тамшыларды шашырата, суға қайтадан шолп ете түсті де, соңына көпіршіктен із қалдыра, тереңге сүңгіп бара жатты.

- Ал, қалай екен? - деп сұрады оташы-балық.

- Керемет! - деді сауытты балық жүзі бал-бұл жайнап. - Малмандай су болдым!